

Ырғыз селолық округі Қалыбай елді мекенінің "Мантай" қыстағында карантин режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз селолық округі әкімінің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 96 шешімі. Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 қаңтарда № 3-5-152 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз селолық округі әкімінің 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз селолық округі әкімінің 09.01.2012 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабының 7 тармақшасына сәйкес және Ырғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 11 қазан 2011 жылғы № 3-4/614 ұсынысының негізінде Ырғыз селолық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Ырғыз селолық округінің Қалыбай елді мекенінің «Мантай» қыстағының аумағында мүйізді ірі қара малдың «Қарасан» ауруы ошағының анықталуына байланысты карантиндік режим және шектеу іс-шараларын енгізу арқылы карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау селолық округі әкімі аппаратының бас маманы **Е. Мусинге** жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Ырғыз селолық округінің
әкімі **Н. Қызбергенов**